

«Шығармашылық» білім беру саласы

141. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

142. Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, шығармашылық дағдыларды, эстетикалық талғамды дамыту және қалыптастыру болып табу.

143. Міндеттері:

- сезімдік эмоциялық қасиеттері мен эстетикалық талғамды, бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін қалыптастыру;
- шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;
- қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге үйрету;
- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету;
- өз ойын айтуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға сұраныстарын қанағаттандыру;
- өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға үйрету;

I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;
- 2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау;
- 3) пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендігі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу;
- 4) халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау;

Ән айту.

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;
- 2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету;
- 3) ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу;
- 4) хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру;

Музыкалық ырғақты қимылдар, жаттығулар:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;
- 2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;
- 3) жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту;
- 4) музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру;

Билер:

Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.

Ойындар, хороводтар

Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразалар сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау;
- 2) әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақпен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.

II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

- 1) музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажырата білу, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу;
- 2) сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу;
- 3) тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;

Ән айту.

- 1) жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды, дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыс пен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу;
- 2) күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту.

Музыкалық ырғақты қозғалыстар:

- 1) би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу;
- 2) музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру жаттығулары; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру; әндердің қозғалыстық, көңілді сипатын қабылдау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.

Билер:

- 1) музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану;
- 2) би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу;
- 3) балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау;
- 4) музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Ересек топқа арналған «өтпелі» тақырыптық жоспар топтамасы

<i>Ай атауы, Өтпелі тақырып:</i>	<i>1 апта</i>	<i>2 апта</i>	<i>3 апта</i>	<i>4 апта</i>
<i>Қыркүйек «Бәрі мен жайлы»</i>	<i>«Мен және менің тобым»</i>	<i>«Мен және менің жақындарым»</i>	<i>«Отбасылық дәстүрлер»</i>	<i>«Үлкендер еңбегі»</i>
<i>Қазан «Өсімдіктер әлемі»</i>	<i>«Дала, бөлме гүлдері»</i>	<i>«Аулада нелер өседі?»</i>	<i>«Күзгі орман»</i>	<i>«Берекелі Алтын күз»</i>
<i>Қараша «Табиғат әлемі»</i>	<i>«Ферма»</i>	<i>«Құстар біздің досымыз»</i>	<i>«Жабайы жануарлар әлемі»</i>	<i>«Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»</i>
<i>Желтоқсан «Менің Қазақстаным»</i>	<i>«Тарихқа саяхат»</i>	<i>«Ауыл мен қала»</i>	<i>«Тәуелсіз Қазақстан»</i>	<i>«Қызыл кітап»</i>
<i>Қаңтар «Дені саудың жаны сау»</i>	<i>«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</i>	<i>«Ғажайып қыс»</i>	<i>«Күн, су, ауа»</i>	<i>«Үйде жалғыз қалғанда»</i>
<i>Ақпан «Бізді қоршаған әлем»</i>	<i>«Ұшады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері»</i>	<i>«Арнайы көліктер»</i>	<i>«Электроника әлемі. Байланыс құралдары»</i>	<i>«Заттардың қасиеті» (неден жасалғаны)</i>
<i>Наурыз «Салттар мен фольклор»</i>	<i>«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»</i>	<i>«Өнер көзі - халықта» (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б)</i>	<i>«Біздің салт – дәстүріміз»</i>	<i>«Табиғат оянды»</i>
<i>Сәуір «Біз еңбекқор баламыз»</i>	<i>«Көктемгі еңбек» (бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер)</i>	<i>«Ас атасы – нан»</i>	<i>«Мамандықтың бәрі жақсы»</i>	<i>«Біз жас зерттеушілерміз»</i>
<i>Мамыр «Әрқашан күн сөнбесін!»</i>	<i>«Достық – біздің тірегіміз» (халықтар достығы)</i>	<i>«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері)</i>	<i>«Шөпте не жорғалайды» (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар)</i>	<i>«Көңілді жаз»</i>

2020-2021 оқу жылы ересек «Күншуақ» тобына, «шығармашылық» білім саласы бойынша музыкадан ұйымдастырылған, оқу қызметінің перспективалық жоспары.

№	Топтама тақырыбы	Апталық тақырып	ҰОҚ тақырыбы	Мақсаттары мен міндеттері	Методикалық әдіс-тәсілдері	Көрнекілік құралдары	Сағат саны
				Қыркүйек айы, I апта			
1	«Бәрі мен жайлы»	«Мен және менің тобым»	«Тату доспыз бәріміз»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. Әуенді би қимылдарын музыка ырғағына сәйкес жасауға үйрету. Балаларға білім күні туралы түсінік беру. Ойынды ұйымшыл-дықпен ойнауға үйрету	Ән тыңдау: И Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз» Ән айту: И Нүсіпбаев «Достық» Әуенді қимылды би: «Серуендейміз, билейміз» Муз қим ойын: «Ақ серек, көк серек» Муз аспапта ойнау; Қоңырау аспабы	Балабақша өмірінен дайындалған фото сурет слайды. Ойын атрибуттары, қоңырау	1
2			«Балдырғандар әні»	Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Балаларды достыққа тәрбиелеу. Ойынды ұйымшылдықпен ойнауға үйрету. Музыкалық аспапта әуен ырғағын сезініп ойнауға баулу.	Ән тыңдау: С Кәрімбаев «Балабақша бағында» Ән айту: Ш Қалдаяқов «Балдырған әні» Әуенді қим би: Литваның халық биі «Қосарланып билеу» Муз қим ойын: Е Хасанғалиев «Соқыртеке» Муз асп ойнау: Барабан аспабы	Балабақшада өмірінен суреттер, CD-таспалар, ойын атрибуттары барабан аспабы	1
				Қыркүйек айы, II апта			
3		«Мен және менің жақындарым»	«Менің жанұям»	Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды ән мен отбасы мүшелеріне жеткізе білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік-ке, үлкен-кішіге деген сыйлас-тыққа баулу. Жанұя мүшелерінің атауын үш тілде атауға үйрету.	Ән тыңдау: Ж Тұрсынбаев «Құлыншақ» Ән айту: М Арынбаев «Біздер үйдің сәніміз» Әуенді қим би: «Жұптасу биі» Муз қим ойын: «Орныңды тап» Муз аспапта ойнау: Ұрмалы аспаптар	Отбасы мүшелерінің суреттерінен дайындалған слайд. Ұрмалы аспаптар салынған ғажайып қорап, ойын атрибуттары	1

				Қыркүйек айы, III апта			
4		«Отбасылық дәстүрлер»	«Менің туған күнім»	Балалардың елін, туған жерін, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Вальс би элементтерін үйрету.	Ән тыңдау: Д Ботбай «Туған күнім менің бүгін» Ән айту: Қ Қайым «Ана тілім әнім» Әуенді қимылды би: Вальс биі Муз дид-лық ойын: «Тақия тастамақ» Муз асп-та ой-у: Дауылпаз аспабы	«Менің туған күнім» тақырыбында дайындалған слайд. ойын атрибуттары. CD-дискалар, ғажайып қорап, музыка-лық аспаптар	1
5			Армысың музыка	Музыкаға деген эмоционалдық ықыласты дамыту, қызығушылығын қостау, музыкалық эстетикалық қажеттіліктерді дамыту. Музыкадағы жеті дыбысты таныстыру. Ойын арқылы музыканы тыңдауды үйрету.	Ән тыңдау: «Нота үйренеміз» Ән айту: Ө Байділдаев «До ре ми» Әуенді қим би: Көңілді би Муз дид-лық ойын: «Ән салған кім?» Муз асп-та ой-у: Үшбұрыш аспабы	Музыкалық саты, ноталар, үшбұрыш аспабы, ойын атрибуттары	1
				Қыркүйек айы, IV апта			
6		«Үлкендер еңбегі»	«Күз байлығы»	Күз ерекшеліктерін бақылай отырып, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Әуенді қимылды би және ойын арқылы күзгі табиғатты елестету.	Ән тыңдау: Ж Қалжанова «Жеміс бағында» Ән айту: Ә Телғозиев «Жаңбыр» Әуенді қим би: «Күзгі жапырақтар биі» Муз қим ойын: «Күз байлығын жина» Муз қ асп та ойнау: Үшбұрыш аспабы	Жыл мезгілдерінің суреттері. Көкөніс, жемістердің муляждары. әртүрлі күзгі жапырақтар, үшбұрыш аспабы	1

				Қазан айы, I апта			
7	«Өсімдіктер әлемі»	«Дала, бөлме гүлдері»	«Анам гүлдің бапкері»	Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Ойын арқылы гүлдердің аттарын есте сақтауға баулу.	Ән тыңдау: Анам гүлдің бапкері Ән айту: Б Бисенова «Алтын күз» Әуенді қим би: «Жұптасып билеу» Муз қимылды ойын: «Өз жұбыңа гүл сыйла» Муз.аспта ойну: Барлық аспаптар достасады	Әдемі табиғат суреттерінен дайындалған слайд. ойын атрибуттары. CD-диск-калар, , музыкалық аспаптар	1
8			«Кел,билейік»	Балаларға ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Музыканы немесе шығарманы тыңдауға баулу. Балаларды достыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Е Андосов «Би» Ән айту: Б Байқадамов «Кел,билейік» Әуенді қимылды би: «Буги вуги» Муз дид-лық ойын: «Бұл қай ән?» Муз аспапта ойнау: Сылдырмақ	Ғажайып сандықша, әуенді киіз үй, ғажайып баспалдақ, карточкалар CD-диска Сылдырмақ аспабы.ойын атрибуттары	1
				Қазан айы, II апта			
9		«Аулада нелер өседі?»	«Бақшада ма бақта ма?»	Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Музыка-лық аспапта ырғақты сезініп ойнауға үйрету.	Ән тыңдау: : «Бақшамыз біздің көңілді» Б Байқадамов Ән айту: «Күз жомарт» әні Әуенді қим би: Көкөністер биі Музыкалық қимылды ойын: «Бақта ма,бақшада ма?» Музыкалық аспапта ойнау: Тайтұяқ аспабы	Көкөністер туралы дайындалған слайд, ойын атрибуттары, тайтұяқ аспабы	1

				Қазан айы, III апта			
10		«Күзгі орман»	«Көңілді саңырауқұлақтар»	Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. Бірғаққа сай жеңіл қозғалға үйретеді. Ойын арқылы есту қабілетін арттырады.	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Бұл қай кезде болады?» «Күз» Ән айту: Қ Қайым «Өлкеме күз келді» Әуенді қимылды би: Саңырауқұлақтар биі Музыкалық қимылды ойын: «Саңырауқұлақтар жинаймыз» Музыкалық аспапта ойнау: Сыбызғы аспабы	Саңырауқұлақтар атрибуттары, қасқыр CD- таспалар, ойын атрибуттары	1
11			«Күзгі орман»	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын, ырғақтық, тембр-лік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалып-тастыру. Ойын арқылы күзгі орманды елестету.	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Күз» Ән айту: «Күзгі жапырақтар» Әуенді қим би: «Аңдар биі» Муз дид-лық ойын: «Саңырауқұлақтар жинаймыз» Муз асп танысу: маракас аспабы	«Күзгі орман» слайды, ойын атрибуттары, маракас аспабы	1
				Қазан айы, IV апта			
12		«Берекелі Алтын күз»	«Күз жомарт»	Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсету. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.	Ән тыңдау: С Кәрімбаев «Күз жомарт» Ән айту: И Нүсіпбаев «Өлкемізге күз келді» Әуенді қим би: Жапырақтармен би Муз қимылды ойын: «Жұбыңды тап» «Өз жұбыңа гүл сыйла» Муз аспапта ойнау: Барабан аспабы	«Көңілді балалар» слайды, ойын атрибуттары, барабан аспабы	1

				Қараша айы, I апта			
13	«Табиғат әлемі»	«Ферма»	«Күзгі бақтар»	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. Ән арқылы күзгі орманды елестету.	Ән тыңдау: Е Құсайнов«Сәби қуанышы» Б Дәлденбай «Мерекелік марш», Қ Шілдебаев «Вальс» Ән айту: Г Абдрахманова «Саңырауқұлақ тереміз» Әуенді қим би: «Көңілді полька» Муз дид-лық ойын: «Дирежор»ойыны	Күзгі орман бейнесі, саз аспаптары.	1
14			«Нота үйренейік»	Балаларды музыка әлемімен, ән, күй, би жанрларымен таныстыру. Музыкаға деген эмоционалдық ықыласты дамыту, қызығушылығын қостау, музыкалық эстетикалық қажеттіліктерді дамыту.Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Нота үйренеміз» Ән айту: Ө Байділдаев «До ре ми» Әуенді қим би: Көңілді би Муз дид-лық ойын: «Ән салған кім?» Муз асп-та ой-у: Үшбұрыш аспабы	Музыкалық саты, ноталар, үшбұрыш аспабы	1
				Қараша айы, II апта			
15		«Құстар біздің досымыз»	«Құстар даусы»	Музыканы тыңдап,жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Құстардың күз мезгіліндегі тіршілігі туралы әңгімелеу. Құстардың даусы мен қимылдарын жасауға үйрету. Ойын арқылы құстарды қамқорлауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Құстар әуені Ән айту: Қ Шілдебаев «Бұлбұл» Әуенді қимылды би: Шөжелерім биі Муз дид-лық ойын: «Мысық пен торғай» Муз асп танысу: Сыбызғы аспабы	Үй және дала құстарының және қыстап қалатын құстардың суреттерінен дайындалған слайд, CD-таспалар, ойын атрибуттары	1

				Қараша айы, III апта			
16		«Жабайы жануарлар әлемі»	«Орман тұрғындары»	әнді тыңдауға және әуенге жеңілқозғалуға, шеңбер боймен тұруға, шүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту.	Ән тыңдау: «Күз келгенде» әні Ж. Қалжанова Ән айту: «Жаңбыр» Әуенді қим би: «Дирежор» Муз дид-лық ойын: «Не қалай дыбыстайды» Муз асп-та ой-у: Қоңырау	Жануарлардың суретінен слайд. ойын атрибуттары	1
17			«Жау, жау, жаңбыр»	Табиғат құбылыстары жайлы әңгімелеу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.	Ән тыңдау: Е Андосов «Би» Ән айту: «Жау-жау, жаңбыр» К. Дүйсекеев. Әуенді қим би: «Қолшатырлар биі». Муз дид-лық ойын: «Өз жұбыңдытап»	Жаңбырдың дыбысы және суреттер. CD-таспалар	1
				Қараша айы, IV апта			
18		«Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»	«Жабайы жануарлар»	Балаларға орман жануарлары туралы түсінік беріп, музыка ырғағымен аңдардың қимылын салуға үйрету. Ойын арқылы жануарлардың қимылын салуға машықтандыру.	Ән тыңдау: Орман жануарларының даусы Ән айту: К Қуатбаев «Сұр қоян» Әуенді қим би: «Аңдар биі» Муз дид-лық ойын: «Қасқыр қақпан» Муз асп-та ой-у: Барабан аспабы	Орман жануарларының суреті,барабан аспабы,ойын атрибуттары	1
				Желтоқсан айы, I апта			
19-20	«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат»	«Қыс қызығы»	Әнді сезіммен,нақышына келтіріп айтуға,әуенді тыңдап, әңгімелей білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: Ә Бейсеуов «Көңілді шыршамыз» Ән айту: К Қуатбаев «Шырша,шырша,шыршамыз» Әуенді қим би: Гномдар биі Муз дид-лық ойын: «Қай аспапта ойнаймын» Муз аспап ойнау: «Барлық аспап достасады»	«Қысқы ойындар» суреті,маракас,бу бен, барабан, қоңырау аспаптары	2

				Желтоқсан айы, II апта			
21		«Ауыл мен қала»	«Мен ауылды сүйеміз»	Балалардың туған жеріне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Өнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету Әннің ырғағын сақтау.	Ән тыңдау: Б Бисенова «Туған жер» Ән айту: «Мен ауылды сүйемін» Әуенді қим би: «Жұптасып билеу» Муз дид-лық ойын: «Жұбынды тап» Муз асп-та ой-у: үрмелі аспаптар	Ауыл, қала суреттері, слайд аспаптар.	1
				Желтоқсан айы, III апта			
22		«Тәуелсіз Қазақстан»	«Қазақстан кең байтақ елім» 16-желтоқсан Тәуелсіздік күні	Балаларға Тәуелсіз Қазақстан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі туралы білімдерін кеңейту.	Ән тыңдау: С Мұхамеджанов «Қазақстан» Ән айту: И Нүсіпбаев «Гүл жазира Қазақстан» Әуенді қим би: «Жалаушалармен би» Муз дид-лық ойын: «Ән салған кім?»	Қазақстан рәміздерінің суреті, сәулетті қалалар суреттерінен дайындалған слайд.	1
23			«Зырлайды шанамыз»	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойын ойнағанда эмоцияны ояту. Жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: «Аққала» Ән айту: «Сәлеметсіз бе Аязата» Әуенді қимылды би: «Аязаталар биі» Муз/дид ойын «Шана құрастыру» Муз аспаппен танысу: Дудочка аспабы	Аязата, шана, ақ қала суреттері. Дудочка аспабы.	1

				Желтоқсан айы, IV апта			
24		«Қызыл кітап»	«Әуенді сандықша»	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы, аяз ата, ақшақар туралы түсініктерін қалыптастыру.	Ән тыңдау: «Вальс» П. Чайковский «Қыс» Ән айту: «Шырша жыры» Әуенді қим би: Аю билейді Муз дид-лық ойын: Қар лақтыру ойыны, Аққала Муз асп-та ой-у: Ағаш қасықтар	Әдемі қораптан жасалған әуенді сандықша. Барлық музыкалық аспаптар	1
				Қаңтар айы, I апта			
25-26	«Дені саудың жаны сау»	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Қысқы әуен»	Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Ойын ойнау арқылы қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту	Ән тыңдау: Ә Бейсейов «Біз шадыман баламыз» Ән айту: К Қуатбаев «Ақша қар» Әуенді қим би: «Аңдар биі» Муз дид-лық ойын: «Аққала», «Қай аспапта ойнаймын»	«Қысқы ойындар» слайды, ойын атрибуттары	2
				Қаңтар айы, II апта			
27		«Ғажайып қыс»	«Қыс өрнегі»	Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фраза арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.	Ән тыңдау: К. Шілдебаев «Қыс қызығы» Ән айту: Ж. Тезекбаев «Зырлайды шанамыз» Әуенді қим би: «Ырғақты ажырат» Муз дид-лық ойын: «Аспаптың орнын тап» Муз асп-та ой-у: Үшбұрыш.	Қысқы табиғаттың, құстардың суреттері, Үшбұрыш аспабы.	1
				Қаңтар айы, III апта			
28-29		«Күн, су, ауа»	«Қысқы бақ»	Слайд арқылы қысқы табиғатты, құстарды бақылау. Қыс мезгілінің әсемдігін, ерекшелігін сезіне білу. Ұнтақталған пенопластан «Ақ көрпелі ағаштар» атты ұжымдық пано жасау. Ойын арқылы қысқы табиғатты елестету.	Ән тыңдау : Б Дәлденбаев «Қыс» Ән айту: «Бұл қай кезде болады?» Әуенді қимылды би : «Вальс» Муз дид ойын : «Қар лақтыру» Музыкалық аспаппен танысу: гармошка	«Қысқы табиғат» слайды мақтадан жасалған қарлар, ойын атрибуттары	2

				Қаңтар айы, IV апта			
30		«Үйде жалғыз қалғанда»	«Кім боламын?»	Балалардан өсекенде кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып түсіндіру. Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.	Ән тыңдау: Ә. Бейсеуов «Мен дәрігер боламын» Ән айту: Д. Ботбаев «Комбайыншы боламын» Әуенді қимылды би: «Серуендейміз билейміз» Муз/дид ойын: Е Хасанғалиев «Соқыртеке» Муз аспап ойнау: «Еркем - ай»	«Қысқы табиғат» слайды	1
				Ақпан айы, I апта			
31-32	«Бізді қоршаған әлем»	«Ұшады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері»	«Балықтар»	Балаларға су асты әлемі туралы түсінік беру. Су асты тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру.	Ән тыңдау: Т. Тайбеков «Бақа, бақа бақ - бақ» Ән айту: Ш. Қалдаяқов «Бақа» Әуенді қимылды би: Балықтар биі Муз/қим ойын «Балық аулаймыз» Музыкалық аспаппен танысу: Дауылпаз аспабы	Су асты әлемі туралы сурет слайдтар. Дауылпаз аспабы	2
				Ақпан айы, II апта			
33		«Арнайы көліктер»	«Бағдаршам»	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойын ойнағанда эмоцияны ояту. Жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: Б. Бейсенова «Жол ережесі тәртібі» Ән айту: Ғ. Тамендаров «Светофор-бағдаршам» Әуенді қимылды би: «Түрлі автомобильдер» Муз/дид ойын «Бағдаршам» Муз аспаппен танысу: Дудочка аспабы	Жол ережесінің белгілері. «Жол қозғалысы» тақырыбында даындалған слайд	1
				Ақпан айы, III апта			
34-35		«Электроника әлемі. Байланыс құралдары»	«Тату доспыз бәріміз»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. Әуенді би қимылдарын	Ән тыңдау: И. Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз» Ән айту: И. Нүсіпбаев «Достық» Әуенді қимылды би:	«Менің досым» балалардың салған суреттерінен	2

				музыка ырғағына сәйкес жасауға үйрету.	«Серуендейміз, билейміз» Муз дид-лық ойын: «Ақ серек, көк серек»	көрме ұйымдастыру	
				Ақпан айы, IV апта			
36		«Заттардың қасиеті.(неден жасалғаны)»	«Нан дастархан байлығы»	«Нан қайдан келді?» тақырыбында әңгімелесу. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Өнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу	Өн тыңдау: «Ақ бидай» Өн айту: Ө.Бейсеуов «Бауырсақ» Әуенді қим би: «Жұптасу биі» Муз дид-лық ойын: «Сырнай мен даңғыра» Муз асп-та ой-у: Барлық музыкалық аспаптар	«Нан қайдан келді?» тақырыбында слайд. Ойын атрибуттары, аспаптар	1
				Наурыз айы, I апта			
37-38	«Салттар мен фольклор»	«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	«Әжем менің ақ әжем»	Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, анаға деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізу. Өнді тыңдап, көңілді, көңілсіз екенін әңгімелеу. Таза ырғақпен, жеке және қосылып ән айтуды қалыптастыру. Әуенге байланысты қимыл жасау. Ойынға белсене араласуды қадағалау.	Өн тыңдау: Бота бейсенова «Ақ әжем» Өн айту: Е. Хасанғалиев «Анашым» Әуенді қимылды би: «Гүлдер» биі Муз дид-лық ойын: «Ақ серек, көк серек» Муз аспапта ойнау: Өртүрлі аспаптарда ойнау	«Асыл анам» слайды ойын би атрибуттары, өртүрлі аспаптар	2
				Наурыз айы, II апта			
39		«Өнер көзі – халықта(қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б)»	«Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары»	Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту. Өртүрлі би жанрларының ырғағын сезініп билеуге үйрету. Ұлттық аспаптарға деген қызығушылықтарын арттыру.	Өн тыңдау: Құрманғазы «Айжан қыз» Өн айту: Ж Тұрсынбаев «Домбыра» Әуенді қим би: «Асатаяқпен би» Муз дид-лық ойын: «Киіз үй» Муз асп-та ой-у: Асатаяқ аспабы	Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары суреттерінен дайындалған слайд	1
				Наурыз айы, III апта			

40-41		«Біздің салт – дәстүріміз»	«Тұсау кесу»	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайраған дыбыстарын музыкада ажырата білу. Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт дәстүрмен таныстыру, мерекені музыка мен байланыстыру.	Ән тыңдау: Қазақтың халық биі «Қамажай» Ән айту: Ж Мұхамеджанов «Наурыз», Б Бисенова «Наурыз көктем» «Тәй - тәй» Әуенді қим би: Қамажай биі Муз дид ойын: «Ат жарыс», «Орамал мен тақия» Муз асп-та ой-у: Үрмелі аспаптар	Тұсау кесу рәсімдері көрсетілген суреттер, ойын атрибуттары	2
				Наурыз айы, IV апта			
42		«Табиғат оянады»	«Шуақты көктем»	«Нан қайдан келді?» тақырыбында әңгімелесу. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу	Ән тыңдау: «Көктем» Ән айту: Ә.Бейсеуов «Бауырсақ» Әуенді қим би: «Жұптасу биі» Муз дид-лық ойын: «Сырнай мен даңғыра» Муз асп-та ой-у: Барлық музыкалық аспаптар	«Шуақты көктем» тақырыбында слайд. Ойын атрибуттары, аспаптар.	1
				Сәуір айы, I апта			
43-44	«Біз еңбеккер баламыз»	«Көктемгі еңбек.(бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер,»)	«Құстар біздің досымыз»	Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнрлеп айтқызу. Көктем мезгілінде ұшып келетін құстар туралы әңгімелеу. Құстардың даусы мен қимылдарын жасауға үйрету.	Ән тыңдау: Құстар әуені Ән айту: Қ Шілдебаев «Бұлбұл» Әуенді қимылды би: Шөжелерім биі Муз дид-лық ойын: «Мысық пен торғай» Муз аспаппен танысу: Үшбұрыш аспабы	Үй және дала құстарының және қыстап қалатын құстардың суреттерінен дайын-далған слайд, CD-таспалар, ойын атрибуттары	2
				Сәуір айы, II апта			
45		«Ас атасы нан»	«Қайдан келдің бауырсақ?»	Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнрлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау. Әуеннің түрлі бөлімдерін ажыратуға дағдыландыру. Күйді	Ән тыңдау: «Айға ұшамын» Ән айту: Қ Қайым «Мен ғарышкер боламын» Әуенді қимылды би: Роббот биі Муз дид ойын: Зымыран	«Гарыш әлемі» тақырыбында слайд. Скафандр ойын, би	1

				тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын жасау. Би, ойын арқылы ауыл табиғатын елестету.	кұрастыру Муз аспаппен танысу: металлофон аспабы	атрибуттары	
				Сәуір айы, III апта			
46-47		«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Ғарышкер боламын»	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.	Ән тыңдау: : «Айға ұшамын» Ән айту: Қ Қайым «Мен ғарышкер боламын» Әуенді қим би: «Гүлдер» вальсі Муз/дид ойын Зымыран құрастыру Музыкалық аспаппен танысу: Скрипка аспабы н тыңдау: Құрманғазы «Айжан қыз»	Байқоңырдың, марстың, айдың суреттері. Асата яқ аспабы	2
				Сәуір айы, IV апта			
48		«Біз жас зерттеушілерміз»	«Біз доспыз гүлдермен»	Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру. Көктемгі табиғатты елестете отырып, әдемі гүлдермен билеу.	Ән тыңдау «Анамызға сыйлаймыз. Ән айту: «Әрқашан күн сөнбесін» Әуенді қим би: «Гүлдер» вальсі Муз/дид ойын: Гүл құрастыру «орныңды тап» Музыкалық аспаппен танысу: Скрипка аспабы	Гүлдер әлемі слайды, би, ойын атрибуттары	1
				Мамыр айы, I апта			
49-50	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Достық біздің тірегіміз» (халықтар достығы)	«Қазақстан көп ұлтты мемлекет» 1-мамыр ынтымақ, достық мерекесі	Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	Ән тыңдау: Е. Меңдешев «Тату доспыз бәріміз» Ән айту: И. Нүсіпбаев «Достық» Әуенді қимылды би: «Кел, билейік» Муз дид ойын: «Орныңды тап» «Соқыртеке» Муз аспаппен танысу: Дауылпаз аспабы	«Дос болайық бәріміз» атты слайд, ойын, би атрибуттары, дауылпаз аспабы	2
				Мамыр айы, II апта			

51		«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері)	«Солдат болам мен ертең» 7-мамыр Ұландар, 9-мамыр Жеңіс мерекесі	Балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміз тәуелсіздікке қандай қиын жолдармен жеткендерін әңгімелеп беру. Ардагерлерімізді атау. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: Қ. Илиясов «Сарбаздар сазы» Ән айту: К. Қуатбаев «Ел қорғауға әзірміз» Әуенді қимылды би: «Катюша» сарбаздар биі Муз қим ойын: «жалауға тез жет» Муз аспаппен танысу: барабан аспабы	«Ұлы жеңіс» тақырыбында слайд. Ойын, би атрибуттары	1
				Мамыр айы, III апта			
52-53		«Шөпте не жорғалайды» (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар)	Жәндіктер	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойын ойнағанда эмоцияны ояту. Жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: Б. Бейсенова «Бақа» Ән айту: Ж. Қалжанова «Жолаушылар жыры», Ғ. Тамендаров «Светофор-бағдаршам» Әуенді қимылды би: «Түрлі автомобильдер» Муз/дид ойын «Бағдаршам» ойыны Муз аспаппен танысу: Дудочка аспабы	Бақа жәндіктердің тақырыбында бейнетаспа	2
				Мамыр айы, IV апта			
54		«Көңілді жаз»	«Көбелектер»	Музыкаға деген қызығушылығын, музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін бекіту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін бекіту. Жәндіктер туралы білімдерін бекіту	Ән тыңдау: Т. Шапай «Ақ көбелек» Ән айту: К. Қуатбаев «Көбелек» Әуенді қим би: «Гүлге қонды көбелек» Муз дид ойын : «Соқыртеке» Муз аспаппен танысу: Барлық аспап достасады	Жаз туралы даындалған слайд, ойын атрибуттары, қоңырау аспабы	1

